




Қала имиджінің өрлеуіндегі халықаралық көрмелердің рөлі

Лаура Бейсек

«Этноауыл» этникалық қалашығында Алматы музейінің көрмесі



«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрме аясында «Этноауыл» этникалық қалашығында Алматы музейі өз көрмесін ұйымдастырды.

Көрмеде қазақ халқының киіз үйі тігіліп, келушілерді қазақ халқының этнографиясымен таныстырды. Көрмені Венгрия, Австралия, Польша және басқа да Еуропа мен ТМД елдері тамашалады. Музей мамандары шамамен 100 аса экскурсия өткізді.

Волонтерлік корпус



Волонтерлік корпус **5 мың.** адам



ЭКСПО-2017 **1000 аса** волонтерлар қатысты

«Құштарлық. Алматы Петербург суретшілері шығармашылығында» көрмесі



2017 жылдың 15 қарашасында Алматы Музейінде «Құштарлық. Алматы Петербург суретшілері шығармашылығында» атты көрменің ашылуы өтті.

Көрменің мақсаты – шетелдің ірі музейлерінің көрмесін ұйымдастыру есебінен музей-көрме қызметінің көлемін ұлғайту, сондай-ақ келушілерді әлемдік мәдениеттің жәдігерлерімен таныстыру. Көрменің ашылуына Эрарта музейінің кураторы, өнертанушы, РФ Суретшілер одағының мүшесі В.О. Назанский және петербургтік суретші А.П. Косенков, сонымен бірге алматылық атақты суретшілер, Суретшілер одағының мүшелері және өнер бағалаушылар және т.б. қатысты.

Көрмеге Ресей Федерациясы суретшілерінің Алматы туралы ең үздік суреттері қойылды.

«Қолжетімді Музей» атты интерактивті экскурсиясы



2017 жылдың 23 тамызында Алматы в музейінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Қолжетімді Музей» атты интерактивті экскурсияның ашылуы өтті.

Жобаның негізгі мақсаты барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі жандардың музей кеңістігін еркін аралап, өздерін мәдени құндылықтардың кең зерделей білуіне ықпал ету.

Қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған жандар үшін арнайы пандус пен музей қызметкерін шақыру кнопкасы орнатылды, сондай-ақ, есту қабілеті нашар мүгедектерге Алматы музейінде экспозиция бойынша сурдоаудармашының қызметі мен бейнегид көмегі көрсетілді.

Алматы музейінде «Жұлдызбен музейде» акциясы



«Жұлдызбен музейге» акциясының негізгі мақсаты: қазіргі қоғам жастары үшін идеал болып саналатын Қазақстан жұлдыздарының қоғамдық өмірге белсене қатысуы арқылы, тарихи мұра мен құнды музей экспонаттарын таныстыру мен насихаттау және музейге бару мәдениетін қалыптастыру болып отыр.

«Kitap Fest 2017» кітап фестивалі



2017 жылдың 9 қыркүйегінде Ғылым Академиясының алаңында «Kitap Fest 2017» кітап фестивалі өтті.

Кітап фестивалі – қазақстандық жазушылармен кездесулерден бастап, балаларға арнайы танымдық шеберлік сабақтарын өткізетін кең таңдаулы интерактивті алаңға айналды.

Фестивальдің мақсаты – халықты кітап оқуға тарту, кітаптың, мәдениет пен білімнің маңыздылығын арттыру, қазақстандық жазушылар мен олардың әдеби шығармаларын көпшілікке насихаттау.

Сондай-ақ, қалалықтар үшін «Буккроссинг», «Шатер блоггерів», «Литбукет», «Писательский шатер» сияқты жекелеген алаңдар ашылып, кітап көрмелеріне 6000 дана кітап қойылды.

«Алма Fest» алма фестивалі



Қала символын насихаттау аясында «Алма Fest» фестивалі ұйымдастырылды. Жалпы келушілер саны 300 мыңнан астам адам қатысты.

Фестиваль бағдарламасына қалалық алмаларды сатумен қатар мәдени-танымдық шоулар да көрсетілді.

Қолөнер-шеберлерінің «Шеберлер қалашығы – Город мастеров» атты көрмесі



2017 жыл бойы Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының алдындағы алаңда қолөнер-шеберлерінің «Шеберлер қалашығы» көрмесі өтті.

Іс-шараға Алматы облысы, Алматы, Қарағанды, Петропавл, Өскемен қалаларынан және Орта Азиядан 70-тен аса шеберлер қатысып, өрмеге келушілердің назарына зергерлік бұйымдар, ұлттық нақыштағы киімдер, қыштан, ағаштан жасалған бұйымдар ұсынылды.

«Star of Asia» Халықаралық фестивалі



«Star of Asia» - Алматының туризм саласын дамытудағы жүйелі және ұзақ мерзімді стратегиялық элементтердің бірі болып табылатын жоба. «Медеу» мұзайдынында Азияның жеті ірі мемлекеттерінің түрлі бағыттағы танымал жұлдыздары өз өнерін көрсетті. Олардың ішінде «U kiss» (Оңтүстік Корея), әнші Murat Boz (Түркия), Sanah Moidutty (Үндістан), Roya (Әзірбайжан), Rayhon и DJ Piligrim (Өзбекістан) және Қазақстан, Жапоня, Қытай елдерінің әншілері қатысты.

118 мемлекетте тікелей эфир көрсетілімі жүргізіліп, «Euronews» арнасы арқылы сюжет ұйымдастырылды.

«Алматы Көк Төбе Опера - 2017»



Фестиваль көрермендері Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театрының симфониялық оркестрінің сүйемелдеуінде ең үздік солистер мен шақырылған опера жұлдыздарының үнін тыңдап, сондай-ақ балеттің әлемдік номерлерін тамашалады.

Мұндай фестиваль шет елдерде танымалдылығы жағынан үлкен сұранысқа ие және еліміздің фестивальдар орталығы болып табылатын Алматы қаласының бет-бейнесін көрсетуде маңызы жоғары. Халықаралық фестиваль дүние жүзінен туристер тартуда да үлкен рөл атқарады. Фестивальға музыканттар, Абай атындағы опера және балет театрының солистері, атақты дирижер Алан Бурибаевтың басқаруындағы симфониялық оркестр, сондай-ақ атақты италиялық тенор Стефано Ла Колла қатысты. Театрдың симфониялық оркестрі әлемдік музыка классиктерінің үздік туындыларын орындады.

«Ұлы дала рухы» Халықаралық фестивалі



«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркінде «Ұлы дала рухы» халықаралық этникалық фестивалі ұйымдастырылып, оған әлемнің 12 елі қатысты.

Фестивальға Әзірбайжан, Болгария, Венгрия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Словакия, АҚШ пен Түркиялық командалар мен делегаттар қатысты.

Қатысушыларға арнап 12 қанатты 60 қазақ үйі тігіліп, көкпар, аударыспақ, қыз қуу сынды ат спорты түрлерінен жарыстар өтіп, парк аумағында қолөнер шеберлері шеберлік сабақтарын жүргізді. Сондай-ақ, садақ ату, қылыштасу, ат үстінде белдесу сынды жауынгерлерге тән өнер түрлері көрсетілді.

«Ұлы дала елі» халықаралық этно-фестивалі фестиваль



Фестивальға Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Башқұртстан және Өзбекстан жыршылары қатысты.

Шараның мақсаты – дәстүрлі ұлттық өнерді, музыкалық мұраны, халықтың ұлттық дәстүрін сақтау мен дамыту.

Жыршылардың «Ұлы дала елі» халықаралық этно-фестивалі фестиваль қонақтарының қазақтардың қалыптасу жолын танып-білуге ықпал етуші ғажайып, бірегей жоба.

1931-1933 жылдары ашаршылық құрбандарына арналған монументі



Монумент — үш метрлік қола мен граниттен жасалған, композициядағы әлсіреген ұлын кеудесіне қысқан ананың скульптурасы қазақ халқының зор қайғысын бейнелейді. Ана бейнесі — ол барлық тіршілік атаулының қайнар көзі, ұлт негізі, болашақтың кепілі. Етегіндегі төңкерілген қазан — жан түршігерлік оқиғадан бұзылған ошақтың белгісі.

Ескерткіштің ашылуына қоғам қайраткерлері, репрессияға ұшырағандар мен ашаршылық құрбандарының ұрпақтары және қала тұрғындары қатысты.

Шапық Шөкинге арналған ескерткіш



2017 жылдың 24 тамызында Ш.Шөкин атындағы Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институтының аумағында аса көрнекті қайраткер, дара тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Халық қаһарманы, академик, елінің көрнекті тұлғасы Шапық Шөкинге арнап ескерткіштің ашылу салтанаты ұйымдастырылды.

Шапық Шөкіұлы Шөкин (1912-2003) – көрнекті қазақ энергетигі, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.



Назарларыңызға рахмет!

